

**«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.І, Ч.3 – Б. 34-36**

## **КЕСКІНДЕМЕ ПӘНІНДЕ ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ**

*Сыдығалиев Д.С., Сыдығалиев Д.Д.*

Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің шығармашылық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мамандарды даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және білімгерлердің жеке тұлғасын қалыптастырудың үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Кескіндеме пәні басқа оқу пәндеріне ұқсамайтын, өзіндік ерекшелігімен қатар міндеті мен тәрбиелік мүмкіндігі зор пән.

Оның басты мақсаты - өмір шындығының қос қоғамдық ерекше тәлім тәрбие беру. Кескіндеме өнерін оқыту айналадағы өмір шындығын көркем бейнелеу ерекшеліктерін танытуды, білімгерлердің табиғат сұлулығын, халық өмірінің көріністерін жүйелі қабылдауын оның мүмкіндігінше өзінің көркем бейнелеу жұмыстарында қолдана білу қалыптастыруды көздейді. Бұл пәннің мазмұны мен мақсаты оқу орнының жалпы оқу тәрбие жұмыстарының негізгі талаптарымен де ұштасып жатады. Сол себепті әрбір пәнді оқыту мен тәрбие процесінің тығыз бірлігі осы өнерді меңгертеудегі негізі болып табылады.

Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту біршама табысты жүретін жас кезеңдерін зерттеушілер айқындамаған. Керісінше, белгілі бір жағдайларда шығармашылық қасиеттер өмірдің кез келген кезеңінде қалыптасуы мүмкін екені баршаға мәлім. Мысалы, психологтар осы салада көшіріп қондыру тетігі ретінде әрекет етеді деп пайымдайды, яғни бір саладағы бір материалда шығармашылық жаттығулар басқа салалардағы шығармашылыққа жағымды әсер береді. Бірақ мұндай көшіріп қондыру тек шығармашылық қабілеттерді дамыту әлеуметтік қамқорлық пен тәрбиелеу міндетіне айналғанда ғана мүмкін болады. Осы айтылғандардың екі маңызды тұсын атап айту қажет: біріншіден, живопистегі шығармашылық қызметтің тәжірибесі, шығармашылық жолдың кезеңдерін түйсіну, шығармашылыққа ұмтылу аталған пәнді оқыту әдістемесінде студенттерді шығармашылық ізденіске ынталандыратын болады; екіншіден, әрі көркемөнер, әрі педагогикалық шығармашылыққа баулу көркемөнер циклының міндетті пәндері сабақтарында арнаулы міндетке айналуға тиіс.

Қазіргі заман талабына сай, әр оқытушы өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарындыдан гөрі жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз

пәндерінде күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Демек, бүгінгі таңда білімгерлердің тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы – инновациялық технология. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп есептеген жөн.

Оқу орындарында білім сапасын арттыру және оның тиімділігі төмендегідей инновациялық әдістер және технологиялар арқылы жүзеге асады:

- Оқу қойылымын орындауда интерактивті әдістер қолдану;
- Жаңа ақпараттық технологиямен жұмыс;
- Білімгерлердің психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, білімгерлердің мүмкіндік деңгейлерін ашу;
- Инновациялық технологияларды яғни, заманауи әдіс-тәсілдерді сынау арқылы пәннің тиімділігін арттыру, білімгерлерге көркемдік дағдыны игерулеріне қалыптастыру.

Оқытушылар арнайы пәндерінде білімгерлердің көркемдік талғамын дамытуда, өзіндік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда білімгерлердің өз шығармашылық ойларын еркін орындай алуларына баулулары қажет. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану қажет.

Кескіндеме пәнінде ұтымды пайдаланылған инновациялық технологиялардың нәтижелері :

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
2. Білімгерлердің сабаққа қызығушылығы арта түседі;
3. Білімгерлердің әрқайсысының шығармашылық деңгейін анықтай аласың.
4. Білімгерлердің барлығын бағалауға мүмкіндік аласың.
5. Білімгерлерді ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

Білімгерлердің қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Өтілетін пәндердің бір сарынды өту білімгерлердің пәнге қызығуын, білімге ұмтылысын төмендетеді. Сондықтан оқыту барысында пәндердің түрлерін, әдіс-тәсілдерін өзгертіп отырған тиімді. Осыған орай көркем өнер пәндерін білімгерлердің білімге деген ынтасын арттыру, интерактивті әдістерді пайдалануға, өз бетінше ізденіске, шығармашылық жұмыстарға қызықтыра білу біздің басты мақсатымыз. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін әрбір арнайы пәндерді түрлендіріп өткізуге көңіл бөлу керек. Соның ішінде

интерактивтік оқыту әдісінде натюрморттық қойылымдарды шешу мақсатында композициялық құрылымдары ерекше.

Міне сондықтан да натюрморт қойылымын жасаған кезде оның эстетикалық жағын да ұмытпаған жөн, бұл жағдайда оның мазмұндық және оның пластикалық біртұтастығын айғақтауға тырысу керек.

Қойылымда заттар түрлерін және оның кеңістіктегі жағдайын ( орнын ) дұрыс көрсету үшін жарықты жанынан емес алдынан түсіріп қолданған дұрыс.

Композициялық натюрморттың орталығына басқа да заттарды қойып, суретшінің шығармашылық жұмысына қарай: үстелдің бос қалған жеріне май құйылған шиша түстік немесе еріткіш, ал дуалға репродукцияны іліп қояды. Осы және тағы басқа заттар суретшінің жұмыс орнына жағымды мінездеме береді. Бұл қойылымды жарықты заттық көлемін ғана көрсететін құрал ретінде пайдаланбай, тақырыптық құрал ретін де және натюрморттың мазмұнына көп әсер ететінін ұмытпаған жөн.

Қазіргі таңда инновациялық технологияның мақсаты - технологияға бейімдей отырып, сұлулық тәрбиесі, табиғат пен өнердегі сұлулықты түсіне білу, ой қиялын ұштау, түс түрлерін ажырату, ізденіс қабілетін дамыту, білімгерді өз бетімен шығармашылық ізденіс жасауға бағыттау, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Сондықтан да арнайы пәндерде инновациялық технологияның элементтерін жиі қолдануға болады. Бұл технологияда бірінші орында білімгер тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Мысалы үшін:

- білімгердің өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- білімгерді ынталандыруға;
- білімгермен оқытушының ынтымақтастыққарым-қатынас достығына;
- білімгердің өз білімін өзі бағалай білуіне;
- баға әділдігіне;
- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

Бүгінгі күннің талабы әрбір білімгерге түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Сондықтан білім беру жүйесінде жеке тұлғаны дамытып білімді азамат ретінде қалыптастыру үшін, жаңа педагогикалық технологиялардың рөлі зор.

Жалпы, біздің оқытудағы өз проблемамыз оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып сабақтың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар білімгерлерді өз бетімен шығармашылық жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі дамыта оқыту жүйесін іске асырып, замануи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуге дағдыландыру .Өйткені, ол білімгердің ойлауын, елестету мен есте сақтауын белсенділігін, дағдысын, білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Практикалық сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі бөлігінің бірі- әр оқытушы оқу қойылымдарынұйымдастырған кезде нақты мақсаттар қойып, соған жету

жолдарын шығармашылық бағытта ізденушілігін, жауапкершілік көз қараспен қарауы. Қорыта айтқанда жан-жақты дайындалуы, өз білімін өзі шыңдау, шығармашыл қабілеттерін үнемі арттырып отыру қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Байпаков, Алматы, 2010ж, 176 бет
2. Максимова, А-ата. 1971-1976 жж.)
3. Москва 1885ж. «Известия императорского Русского географического общества» Журнал
4. В. Каллаур, Москва 1895 жыл
5. Julija Lobanova. Psychological Factors Influencing Creation of Individual Driving Style Characteristics and Efficiency of Instructing on Practical Vehicle Driving. World Applied Sciences Journal 23 (7): 883-886, 2013. ISSN 1818-4952